



УДК 902.904 (574)
МРНТИ 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2024.1.23.9.26>

Оңтүстік-шығыс Арал сақтарының зергерлік бұйымдары

© 2024 г. Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш.

Keywords: Syrdarya, shirikrabort culture, jewelry, zoomorphic, geometric, plant, ornithomorphic

Түйін сөздер: Сырдария, шірікратбат мәдениеті, зергерлік бұйымдар, зооморфты, геометриялық, өсімдік, орнитоморфты

Ключевые слова: Сырдария, ширикратбатская культура, ювелирные изделия, зооморфный, геометрический, растительный, орнитоморфный

Zhanbolat Utubayev¹ and Aibobek Akkaliyeva¹ *

¹Candidate of Historical Sciences, Doctor of Philosophy (PhD), Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: utubayev_z@mail.ru

¹*Corresponding author, Master's degree, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aybobek.akkaliyeva@gmail.com

Jewelry of the Saka of the Southeastern Aral Sea region

The article provides a detailed analysis of jewelry items found in over ten burials dating back to the Saka period near the southeastern Aral Sea. The study identifies 35 types of yellow metal artifacts. The chronological scope of the research spans from the 4th to the 2nd century BC. Overall, the Shirikrabort archaeological culture exhibits several types of burial structures, including mounds with embankments, mausoleums, simple graves, and pit graves. Monuments of complex construction and diverse burial practices demonstrate a unique syncretism of local traditions and external influences. Based on studies conducted by the Shirikrabort archaeological expedition of the Margulan Institute of Archaeology, jewelry artifacts were discovered. They are morphologically grouped into four categories: zoomorphic, geometric, vegetal, and ornithomorphic. Techniques such as forging, casting, molding, carving, soldering, and bead attachment were used in crafting the jewelry items. Chemical analyses conducted at the K.I. Satpaev Institute of Geological Sciences were employed to determine the gold composition. The examined jewelry items bear resemblance to materials found in unique sites in Southeast, Central, and Eastern Kazakhstan, as well as the Altai.

Source of funding: The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan 2023–2025, IRN BR21882346.

For citation: Utubayev, Z., Akkaliyeva, A. 2024. Jewelry of the Saka of the Southeastern Aral Sea region. *Kazakhstan Archeology*, 1 (23), 9–26 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2024.1.23.9.26](https://doi.org/10.52967/akz2024.1.23.9.26)

**Жанболат Райымқұлұлы Утубаев¹,
Айбөбек Шыныбекқызы Аққалиева^{1*}**

¹тарих ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD), Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

^{1*}корреспондент авторы, магистр, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

**Оңтүстік-шығыс Арал сақтарының
зергерлік бұйымдары**

Мақалада оңтүстік-шығыс Арал маңындағы сақ дәуірімен кезеңделетін оннан аса жерлеу орын-

**Жанболат Раймқұлович Утубаев¹,
Айбөбек Шыныбекқызы Аққалиева^{1*}**

¹кандидат исторических наук, доктор философии (PhD), Институт археологии имени А.Х. Марғұлана, г. Алматы, Казахстан

^{1*}автор-корреспондент, магистр, Институт археологии имени А.Х. Марғұлана, г. Алматы, Казахстан

**Ювелирные изделия
саков Юго-Восточного Приаралья**

В статье подробно проанализированы ювелирные изделия из более чем десяти захоронений сак-



дарынан табылған зергерлік бұйымдар жан-жақты талданды. Зерттеу барысында сары металдан жасалған бұйымдардың 35 түрі бөлініп алынды. Атқарылған жұмыстың хронологиялық шеңбері б.д.д. IV–II ғғ. қамтиды. Жалпы, шірікрат археологиялық мәдениетіне бірнеше типтегі жерлеу құрылыстары тән, олар үйіндісі бар обалар, кесенелер, қарапайым және лақатты жерлеу шұңқырлары. Құрылымы күрделі және жерлеу рәсімдері әртүрлі ескерткіштерде жергілікті дәстүрлер мен сыртқы әсерлердің өзіне тән синкретизмі байқалады. Тақырыбымызға арқау болған әшекей бұйымдар Шірік рабат археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеу жұмыстары барысында табылды. Тіркелген зергерлік бұйымдарды морфологиялық белгілері бойынша зооморфты, геометриялық, өсімдік және орнитоморфты деп төрт топқа бөліп қарастырамыз. Зергерлік бұйымдар балқыту, соғу, қалыптау, ою, дәнекерлеу, сонымен қатар, майда моншақтарды бекіту арқылы дайындалып, әшекейленгендігін көреміз. Алтындардың құрамын анықтау мақсатында Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология институтының зертханасында жүргізілген химиялық талдаулардың сараптамалары пайдаланылды. Зерттелген және талданған әшекей бұйымдардың үлгілері Оңтүстік-шығыс, Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтары және Алтай өлкесінің бірегей ескерткіштерінің материалдарымен ұқсас.

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН BR21882346 жобасы аясында даярланды.

Сілтеме жасау үшін: Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш. Оңтүстік-шығыс Арал сақтарының зергерлік бұйымдары. *Қазақстан археологиясы*. 2024. № 1 (23). 9–26-бб.

[DOI: 10.52967/akz2024.1.23.9.26](https://doi.org/10.52967/akz2024.1.23.9.26)

ского времени, происходящие из Юго-Восточного Приаралья. В ходе исследования выделено 35 видов изделий из жёлтого металла. Хронологические рамки проделанной работы охватывают IV–II вв. до н.э. В целом, для ширикратской археологической культуры характерны несколько типов погребальных сооружений, представляющих собой курганы с насыпями, мавзолеи, простые и подбойные погребальные ямы. Памятники сложной конструкции и различной погребальной обрядности демонстрируют своеобразный синкретизм местных традиций и внешних влияний. В результате исследований, проведённых Ширикратской археологической экспедицией Института археологии имени А.Х. Маргулана, были обнаружены ювелирные изделия. Они по морфологическим признакам объединены в четыре группы: зооморфные, геометрические, растительные и орнитоморфные. При изготовлении ювелирных изделий использовалиськовка, плавка, формовка, резьба, пайка, а также закрепление мелких бусин. Для определения состава золота использованы химические анализы, проведённые в Институте геологических наук им. К.И. Сатпаева. Изученные ювелирные изделия аналогичны материалам уникальных памятников Юго-Восточного, Центрального, Восточного Казахстана и Алтая.

Источники финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2025, ИРН проекта BR21882346.

Для цитирования: Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш. Ювелирные изделия саков Юго-Восточного Приаралья. *Археология Казахстана*. 2024. № 1 (23). С. 9–26 (на каз. яз.).

[DOI: 10.52967/akz2024.1.23.9.26](https://doi.org/10.52967/akz2024.1.23.9.26)

1 Кіріспе (Утубаев Ж.Р.)

Түсті және бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар – көптеген халықтардың материалдық мәдениетінің дәстүрлі элементі болып табылады. Соның ішінде, Еуразия аймағын мекендеген ежелгі көшпенділердің сәндік қолданбалы өнерінде металды көркемдеп өңдеу ерекше орын алды. Жалпы, өрнек (бұйымның сыртқы бетін безендіру) пен декор (бұйымның пішінін көркемдік безендіру) әрқашан бір-бірін толықтырып отыратын, зергерлік өнердегі стильдің белгілі бір түріне жатады [Власов 1995: 186-187]. Ерте көшпенділердің өнерінде декоративті және өрнектік стильдердің циклдық ауысуы жақсы байқалады. Яғни, осы дәуірде аң стилі басым болған кезде, жеке антропоморфтық бейнелермен қатар, сюжеттік көріністер де кеңінен таралған [Артамонов 1961; Переводчикова 1992; 1994]. Кейінірек, Ұлы Дала аймағында аң стилінің сәндік жүйесімен қатар, ғұн-сармат кезеңіне жататын полихромды стиль дамыды [Treister, Yatsenko 1998]. Сәндік-қолданбалы өнер ескерткіштерінде геометриялық стиль, жануар бейнелері және сасанидтік Иранның өнеріне жақын соғыс пен аң аулау көріністері суреттелген сюжеттер көп кездеседі [Мордвинцева 2003].



Мақаламызға арқау болып отырған сәндік-қолданбалы өнер туындылары Аралдың оңтүстік-шығысындағы шірікрабат мәдениетінің жерлеу орындарынан анықталып отыр. Олардың басым бөлігі тоналған қабірлерден кездесті. Кейінгі жылдардағы зерттеу барысында бірнеше типтегі жерлеу құрылыстарынан 1200-ден асатын алтын бұйымдар табылды. Олар: түтікше (үзбе) (530), кертпелі түтікше (100) және жапсырмалар – жартышар тәріздес (300), ромб пішіндес (135), өсімдікке ұқсас (53), шырша типтес (16), дөңгелек (12), циркульдік өрнекті (6), шетінде бисерлері бар дөңгелек (6), сақина пішіндес (6), шаршы тәріздес (8), үшбұрышты (7), төртбұрышты (3); алты дөңгелек салпыншақ, үш сырға, бір дөңгелек пішінді моншақ, бір айшық, шиыршық жіптер, тоғыз зооморфты, сонымен қатар, екі қораз бейнесіндегі жапсырмалар. Бұл бұйымдар жұқа тапталған алтын қаңылтырдан дайындалған және арасында фольга да кездеседі.

Аталмыш аймаққа 1957–1960 жж. аралығында С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кейін, Л.В. Левина алғаш рет шірікрабат мәдениетін жеке бөліп шығарып, оны б.д.д. IV–II ғғ. мерзімдеді [Вайнберг, Левина 1993]. 2004 жылдан бері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шірік рабат археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Зерттеу барысында анықталған шірікрабат мәдениетіндегі бірнеше типтен тұратын жерлеу құрылыстарының құрылымы мен рәсімдері жергілікті дәстүрлер мен сыртқы әсерлердің өзіне тән синкретизмін көрсетеді. Шірік рабат оазистерінің негізгі аумағында климаттық, гидрографиялық жағдайларға және дефляция үрдісіне байланысты жерлеу орындары көп жерлерде сақталмаған. Жалпы шірікрабат мәдениетінің жерлеу орындарын бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады: үйіндісі бар обалар, кесенелер, қарапайым және лақатты жерлеу шұңқырлары (1-сур.). Олардың ежелгісіне Сенгір там, Шірік 4 (1-оба) және Шірік рабат қалашығындағы алты ірі оба жатады [Қурманқұлов, Утубаев 2017].

Шірікрабат мәдениетінің жерлеу ескерткіштерінің келесі тобын кесенелер құрайды. Олар қоныстардан біршама қашықтықта (0.5–10 км), әрі бір-бірінен оқшау орналасқан. Пішіндері бойынша шаршы және дөңгелек деп екі түрге бөлінеді. Бірінші түрде үш ескерткіш (Бәбіш мола 2, Шірік рабат (4 қазба, 6-нысан)), екінші түрде 20-дан астам кесене белгілі (Ақшұқыр, Бұланды 3, Егістік, Мыңарал, Шірік 2, 3-нысан және т. б.). Шаршы және дөңгелек кесенелердің негізгі бөлігін – пахса блоктарынан және тікбұрышты қыш кірпіштерден (50×30×12 см) тұрғызылған, көлемі 15–20 м болатын ғимараттар құрайды. Олар қазіргі жер бетінің деңгейінен 3–5.5 м биіктікке дейін сақталған. Кесене бөлмелерінің ортасы, негізінен, бір қабырғамен, ал, кейбіреуі крест тәрізді өзара перпендикуляр орналасқан екі қабырғамен бөлінген. Зерттеу барысында бөлмелердің едәуір бөлігі қайта құрудан өткендігі және олардың барлығы бірнеше рет жерлеу үшін пайдаланғандығы анықталды, кей кесенелерде мәйітті өртеу де, ағаш табыттар мен зембілдерге қою да қатар орындалған.

Жерлеу құрылыстарының үшінші, жаңадан анықталған түріне қабір шұңқырлары жатады. Шірік рабатта осындай төрт ескерткіш (1, 5, 9, 15-нысан) белгілі. Олардың барлығы Шірік рабат қалашығының солтүстік бөлігінде, үшінші қорғаныс қабырғасының ішінде шоғырланған. Құрылысы жағынан төртбұрышты келген шұңқырлардың өлшемі 2.2–4×3–4 м, тереңдігі 3.4-тен 5.4 м-ге дейін түрленеді. Ал ішкі құрылымы бойынша батыс пен шығыс қабырғаға (1-нысан) және тек батыс қабырғаға салынған лақатты жерлеу шұңқырлары (5, 9, 15-нысан) деп екіге бөлінеді. Шірік рабат қалашығы алғашында тайпа көсемдері, қолбасшылар өмір сүріп және жерленіп отыратын бекініс қызметін атқарып, кейіннен үлкен тұрақты мекенге айналған [Құрманқұлов 2011: 189].

2 Материал және зерттеу әдістемесі (Аққалиева А.Ш.)


2.1 Зерттеу әдістемесі

Зерттеу кезінде салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылып, морфологиялық талдау жүргізілді. Шірік рабат ескерткіштерінен анықталған әшекей бұйымдардың безендірілуі зооморфты, геометриялық, өсімдік және орнитоморфты өрнектер деп төрт топқа бөліп қарастырылды. Саны жағынан басым болып келетін геометриялық өрнектер шеңбер, шаршы және цилиндр пішіндес деп үш түрге бөлінді.



Зерттеу барысында бұйымдарды классификациялау, топтау және жүйелеу жұмыстары орындалды. Алынған нәтижелер Оңтүстік-шығыс, Орталық, Шығыс Қазақстан және Алтай өлкесі сияқты аймақтардан кездесетін аналогтардың кең ауқымын пайдалану арқылы талданды.

2004-2005 жж. Шірік рабат қалашығынан табылған алтын бұйымдарға химиялық талдаулар берілді. Бұйымдардың элементтік құрамын анықтау барысында заманауи рентгендік-флуоресцентті спектроскопия әдісі қолданылды.



1-сур. Ескерткіштердің орналасу карта-схемасы: 1 – Бәбіш мола қаласы; 2 – Шірік рабат қала-қорымы; 3 – Қабыл қамалы; 4 – Қарабас қамалы; 5 – Шірік 4 обасы; 6 – Сенгір там обасы; 7 – Шірік 2 кесенесі; 8 – кесене (3-нысан); 9 – Егістік кесенесі; 10 – Мыңарал кесенесі (a – қала; b – қамал; c – оба; d – кесене).

Орындаушы: Нұрлан Жұманазаров

Fig. 1. Map-scheme of the location of sites: 1 – Babishmola settlement; 2 – Shirik rabat settlement-necropolis; 3 – Kabyl fortress; 4 – Karabas fortress; 5 – Shirik 4 mound; 6 – Sengirtam mound; 7 – Shirik 2 mausoleum; 8 – mausoleum (object 3); 9 – Egistik mausoleum; 10 – Mynaral mausoleum (a – settlement; b – fortress; c – mound; d – mausoleum). Performer: Nurlan Jumanazarov

Рис. 1. Карта-схема расположения памятников: 1 – городище Бабиш мола; 2 – город-некрополь Ширик рабат; 3 – крепость Кабыл; 4 – крепость Карабас; 5 – курган Ширик 4; 6 – курган Сенгир там; 7 – мавзолей Ширик 2; 8 – мавзолей (объект 3); 9 – мавзолей Егистик; 10 – мавзолей Мынарал (a – городище; b – крепость; c – курган; d – мавзолей). Исполнитель: Нурлан Джуманазаров



2.2 Материал сипаттамасы

Зооморфты бейне

Сақ-скифтік аң стилі – бұл ерекше белгілер жүйесі, дәлірек айтқанда, ойды білдіруге қызмет ететін белгілер. Жалпы, анималистік белгілері бар бейнелердің ұқсастығын анықтаудың екі аспектісі бар. Біріншісі – белгілі бір мәселені семиотикалық көзқарас тұрғысында, ал, екіншісі визуальды аспект ретінде зерттеу [Круглова 2020: 334]. Скифтердің зооморфтық коды бойынша жоғарғы дүние жыртқыш құстармен, ортаңғы әлем тұяқты жануарлармен, ал төменгі әлем балықтармен, жыртқыш аңдармен және фантастикалық тіршілік иелерімен байланысты болды [Топоров 1972: 100]. Ерлердің әскери ақсүйектерге жататындығын білдіретін негізгі белгі-символдар – бас киімдерде, белдік жиынтықтарда және қару-жарақтарда бейнеленген. Қару-жарақ жыртқыш аңдардың бейнелерін салу арқылы өрнектелген, оны зерттеушілер жауынгерлерді жаулар мен зұлым рухтардан қорғайтын тұмар ретінде түсіндіреді [Раевский 1985]. Жыртқыш аңның найзағайдай шапшаң әрекетін, жауыздығы мен мейірімсіздігін, скифтік шабандоздар мен жауынгерлердің жауды тез жеңуге деген ұмтылысымен байланыстырады. Осылай мысық тектес жыртқыштарды қаһарманмен немесе тәңірмен ұқсастыру ежелгі месопатамиялық мазмұнмен қатысты болуы мүмкін [Акишев К.А., Акишев А.К. 1983: 11].

Осындай зооморфты бейнелері бар бірнеше бұйымдар Шірік рабат ескерткіштерінен де табылды.

Мысық тектес жыртқыш аңды бейнелеген жапсырма (2-сур. 1). Алтын жапсырма 2012 ж. Шірік рабат қалашығы, 2-обадан кездейсоқ анықталды. Оның ұзындығы 1.6 см, ені 1.7 см. Жақсы деңгейде сақталған бұл жапсырма жолбарыс бейнесінде қалыптау техникасы арқылы дайындалып, шеттеріне бес саңылау түсірілген. Жыртқыш бейнесінің ашулы кейіпі – көздерінің қысыңқы келгендігінен және тұмсық пен ауыз бөліктеріне салынған қатпарлардан, маңдайындағы тігінен түсірілген сызықтардан байқалады. Маңдайы ашық әрі кең, қыртыстары терең әрі иілген сызықтармен түсірілген. Ал құлақтары кішкентай және дөңгелек, көздері қысыңқы, ауыз қуысы ұзынша, бет сүйегі тамшыға ұқсас дөңес бейнеленген. Сонымен бірге, алтын жапсырмада жыртқыш бейнесімен қатар, антропоморфты белгілерде байқалады [Аққалиева, Несіпбай 2021: 12]. Аталмыш бейненің баламасы ретінде Есік обасынан анықталған жолбарыстың бет-пішіні суреттелген цилиндрлі эшекейлерді алуға болады, олар, шамамен, б.д.д. V-IV ғғ. мерзімделеді. [Акишев К.А. 1978: 22]. Зооморфты бейненің тұмсығы, көзі, қастары, мұрты, ауыз қуысы анық көрсетілген және құлақтары симметриялы орналасқан. Бұл алтын жапсырманы матаға тігу үшін, бұйымның төрт бұрышында саңылау бар. Жолбарыстың тұмсығы жолақтардың қалай орналасқандығына байланысты ерекшеленіп тұрады: егер тұмсық тік жолақтардың (59 дана) арасында болса – созылықты түрде, ал, көлденең жолақтардың (54 дана) ішінде тегістелген күйде кездеседі [Акишев К.А. 1978: рис. 31, 32].

Есік обасынан тіркелген зооморфты мәнерде дайындалған жапсырмаларда жолбарыстың ғана емес, арыстанның бейнесі де суреттелген. Табылған арыстан бейнесі бар алты бұйымның пішіндері дөңгелек, бүйірлері шығыңқы келген. Ауызы, мұрты, көзі мен тұмсығы мұқият өңделген және бұйымның антропоморфты бейнемен де ұқсастықтары бар. Жапсырманың шеттерінде матаны бекітуге арналған алты тесік орналасқан, оның ішкі жағында мыс оксидінің іздері сақталған [Акишев К.А. 2006: 186].

Сондай-ақ, б.д.д. IV-III ғғ. мерзімделетін Берелдің № 11 обасынан да мысық тектес жыртқыштың басы бейнеленген алтын жапсырма және Үржар ауданында орналасқан Үшбұлақ 3 қорымы, 25-обадан табылған жолбарыстың басы бейнеленген қола жапсырманың ұқсастықтарын көруге болады [Самашев 2011: 53; Омаров және т. б. 2016: 198, 14-сур.]. Осындай жолбарыстың сұлбасы суреттелген жапсырмалар Орталық Қазақстанда орналасқан Қарашоқы 1 қорымы, 1-обадан, Талды-2 қорымы, 5-обадан табылып отыр [Бейсенов и др. 2015: рис. 55, 60].

Тырнақтары бедерленген табанға ұқсас жапсырмалар (2-сур. 2). Бұл бұйым төртбұрышты кесенеден (6-нысан) табылды. Өлшемі 7-8 мм. Үш бұрышына киімге ілуге арналған саңылау түсірілген. Тырнақтары сызықшалар арқылы батырма әдісімен салынған. Келесі жоспары дөңгелек



2-сур. Шірікратат мәдениеті ескерткіштерінен табылған алтын зергерлік бұйымдары:
 1, 2, 4–6, 8–10, 14 – жапсырмалар; 3, 17, 18 – сырғалар; 7, 12, 13, 15 – салпыншақтар; 11 – моншақ;
 16 – сақина. Фото: Олег Белялов (3, 4, 10, 11, 13, 14, 17); Жанболат Утубаев (1, 2, 5–9, 12, 15, 16, 18)

Fig. 2. Gold jewelry from the sites of the Shirikrabat culture: 1, 2, 4–6, 8–10, 14 – plaques; 3, 17, 18 – earrings;
 7, 12, 13, 15 – pendants; 11 – a bead; 16 – a ring. Photo: Oleg Belyalov (3, 4, 10, 11, 13, 14, 17);
 Zhanbolat Utubayev (1, 2, 5–9, 12, 15, 16, 18)

Рис. 2. Золотые ювелирные изделия из памятников чирикрататской культуры:
 1, 2, 4–6, 8–10, 14 – бляшки; 3, 17, 18 – серьги; 7, 12, 13, 15 – подвески; 11 – бусина; 16 – колечко.
 Фото: Олег Белялов (3, 4, 10, 11, 13, 14, 17); Жанболат Утубаев (1, 2, 5–9, 12, 15, 16, 18)



келген кесенеден (3-нысан) табылған *зооморфты белгілері бар* ілмекті *алтын сырғаның* (2-сур. 3) ұзындығы 8.1 см. Сырғаның төменгі бөлігіне қалыңдығы 1 мм сымнан жасалған салпыншақ бекітілген. Сымның жоғарғы ұшы ілмекті екі қайыра орап, шиыршықтала төмен қарай түскен және ортасына үш моншақ (шеткі екеуі інжу, ортаңғысы көк түсті шыны) өткізілген. Ал сырғаның төменгі жағына маржаннан жануарға ұқсас бейне ілінген [Аққалиева 2022]. Осындай маржан салпыншағы мен інжу моншағы бар алтын сырғаны К.А. Ақышев Сары Бұлақ және Көктұма қорымдарынан анықтаған болатын, олар да шамамен б.д.д. IV–II ғғ. мерзімделеді [Акишев К.А. 1983: 140].

Геометриялық өрнек. Шірікратат мәдениетінде бұйымдарды әшекейлеуде геометриялық өрнектер кеңінен пайдаланған. Соның ішінде, шеңбер, төртбұрыш пішіндегі өрнектер көп кездеседі. Шірік рабат ескерткіштерінен шеңбер тәрізді алтын бұйымдардың бірнеше түрлері табылды.

Сақина пішіндес жапсырмалар (2-сур. 4). Лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) анықталған жапсырмалардың диаметрі 0.7 см, қалыптау арқылы жасалған және екі шетінде саңылаулары бар. Осындай жапсырмалар Есік обасынан және Алтай тауларының солтүстік-батысында орналасқан Бугры археологиялық кешенінің жерлеу орындарынан тіркелді [Самашев и др. 2004: 54; Тишкин и др. 2014: рис. 2].

Қарапайым және лақатты жерлеу шұңқырларынан (1, 3, 5, 6-нысандар), Шірік 4 обасы, Мыңарал кесенесінен және Қарабас қамалынан табылып отырған *пішіні жарты шарға ұқсас сопақша келген жапсырмалардың* (2-сур. 5) көлемдері 4×4 мм-ден 8×6 мм аралығында кездеседі. Қалыпталған, бүйір жағында екі (кейбірінде үш) саңылаулары бар. Ал диаметрлері 5 мм болатын *түйме тәріздес жапсырмалар* (2-сур. 6) Шірік 4 обасынан анықталды. Екі шетіне матаға қадауға лайықталып, саңылау ойылған. Бұндай жапсырмалар Есік обасында кездеседі [Самашев и др. 2004: 45].

Диаметрі 9 мм болатын *шетінде бисерлері бар дөңгелек жапсырмалар* (2-сур. 8) Шірік 4 обасынан табылды. Қалыптау арқылы дайындалған, ортасы шығыңқы, жан-жағына майда моншақтар кері жағынан үшкір құралмен соғу негізінде жасалған. Ал ішкі бетіне сақина іспетті ілмек дәнекерлеу арқылы бекітілген.

Шірік 4 обасынан анықталған *циркульдік өрнек түсірілген жапсырманың* (2-сур. 9) диаметрі 9 мм. Ортасы шұңқырланған бірнеше шеңберден тұратын, циркульдік өрнекпен безендірілген. Қалыптау әдісімен жасалған және екі шетінде екі ойығы бар. Циркульдік өрнек шірікратат мәдениетінен анықталған бұйымдарда көптеп кездеседі, мысалы, сүйектен жасалған тарақ, қыш ыдыстар осы оюмен безендірілген [Утубаев, Аққалиева 2023: 63].

Келесі әшекей түрі салпыншақтарға жеке-жеке тоқталсақ: айшық тәрізді салпыншақтың (2-сур. 7) өлшемі 1.6×1.4 см. Жоғарғы жағында ілмегі бар айшықтың беткі жағына доға тәріздес декор дәнекерленген. Салпыншақ Шірік 4 обасынан табылды. Ұқсас айшықтар Есік обасынан және Бугры кешенінен табылған [Самашев и др. 2004: 49; Тишкин и др. 2014: рис. 3]. Ал *бүйірі шығыңқы дөңгелек салпыншақ* (2-сур. 10) лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) табылды, ұзындығы 93 мм. Екі жартышарды бір-бірімен дәнекерлеу арқылы жасалған, іші қуыс. Жоғарғы жағы дөңгелекше келген, ілмегі бар.

Бүйірі шығыңқы алтын моншақ (2-сур. 11) лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) тіркелді, диаметрі 4 мм. Екі жартышар бір-бірімен дәнекерленіп, ұштарына сымнан дайындалған екі сақина орнатылған. Сондай-ақ, лақатты жерлеу шұңқырынан *қоңырау түріндегі салпыншақ* (2-сур. 13) тіркелді, өлшемі 0.92×1.07 см болатын қоңыраушаның жоғарғы ұшына екі бедерленген ілмек дәнекерленген. Осындай қоңыраушалар Шілікті 2 қорымы, 1-обадан табылған [Археологиялық коллекция 2009: 332].

Моншақ түріндегі салпыншақтардың (2-сур. 12) жоғарғы бөлігі шар тәріздес болса, төменгі бөлігі ортасы қуыс дөңгелек. Олардың арасын екі ілмек сым байланыстырып тұр. Екі бөлікте майда моншақтармен дәнекерленген. Жалпы ұзындығы 1 см. Олар Шірік 4 обасынан анықталды.

Қабыл қамалынан кездейсоқ табылған *дөңгелек салпыншақтың* (2-сур. 14) өлшемі 1.7×1.3 см. Алқа өткізуге арналған жоғарғы бөлігінде сақина тәрізді ілмек пен жұқа алтын пластина бар. Ал бірнеше сымнан оралып жасалған екі құрамалы *салпыншақ* (2-сур. 15) Егістік кесенесінен табылды. Оның ұзындығы 4.5 см. Құраманың біріне моншақ өткізілгенін көреміз.



Келесі әшекей түрі диаметрі 1.7 см болатын жұқа тапталған алтын қаңылтырдан жасалған сақина (2-сур. 16) Егістік кесенесінен табылды.

Алтын сымнан дөңгелене иіліп, тұйықталмай дайындалған сырға (2-сур. 17) кесенеден (3-нысан) анықталды. Өлшемі 2.98×0.1 см. Осыған ұқсас Орталық Қазақстан аймағындағы Қаратал қорымынан анықталған алтын пластинадан әзірленген сырғаның қысқа ілмегі тұйықталған және ұқыпсыз соғылған [Бейсенов 2014а: рис. 3, 3]. Келесі сырға Нұра өзенінің бойында орналасқан Жыланды қорымының 1-обасынан табылған. Оның ұшына жұқа алтын сым дәнекерленіп, көгілдір моншақ бекітілген [Қадырбаев 1974: рис. 10].

Егістік кесенесінен тіркелген салпыншақты сырғаның (2-сур. 18) ұзындығы 4.9 см. Ол үш бөліктен тұрады: біріншісі сымнан оралған сақина болса, екіншісі амфора пішініндегі бейне, ал, үшінші бөлігіне төрт жағында алтын сымдары бар салпыншақтардың ұшына ұсақ моншақтар ілінген. Амфора тәрізді салпыншақты сырғалар Месопотамия және Иран аймағында кездеседі. Олар б.д.д. III-II ғғ. мерзімделген [Литвинский 1973: 42].

Келесі көп кездесетін түрге төртбұрыш пішіндес бұйымдар жатады. Оларды жердің төрт негізгі бағыты (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс) мен төрт мезгілі арқылы суреттелген деп Л.А. Кинёва өз еңбегінде көрсеткен [Кинёва 2017: 13].

Шаршы пішіндес жапсырмалар (3-сур. 1). Лақатты жерлеу шұңқырынан (1, 5-нысандар) кездескен бұл бұйымдардың өлшемі 1.40 см. Ортасы төртбұрышты ашық және төрт жағындағы құлақшаларға бекітуге лайықталып саңылаулар салынған. Өлшемі 1.2×0.9 см болатын *төртбұрышты жапсырма (3-сур. 2)* кесенеден (6-нысан) табылды. Ал Шірік 4 обасы мен кесенеден (6-нысан) табылған *ромб түріндегі жапсырмалардың (3-сур. 3)* өлшемі 1.4×0.8 см. Олар қалыптау әдісі арқылы жасалып, екі шетіне матаға тігуге арналған саңылау түсірілген. Осыған ұқсас бұйымдар Есік, Шілікті, Аралтөбе обаларынан табылған болатын [Самашев и др. 2004: 47]. Жалпы, зерттеушілер ромб пішінінің символикасын, негізінен, табысты аңшылық, тайпаның гүлденуі сияқты идеялармен байланысты деп санайды, ал, кейінірек, егіншілік дәуірінде бұл белгі егіс алқабын бейнелейтін құнарлылық символына айналады [Буткевич 2012: 23].

Қарапайым және лақатты жерлеу шұңқырларынан (1, 3, 6-нысандар), Шірік 4 обасы және Мыңарал кесенесінен табылған цилиндр пішіндес *түтікшелердің* үш түрі кездеседі, олардың өлшемдері 0.4–2 см аралығында:

1. Түтікшелер (үзбелер) қабатталған жұқа алтындарды орау арқылы цилиндр пішінде дайындалған (3-сур. 4). Мұндай түтікшелер Есік және Шілікті обаларынан табылған [Самашев и др. 2004: 51].

2. Сыртқы беті бедерлену арқылы қалыпталып жасалған кертпелі түтікшелер (3-сур. 4). Осы түтікшелердің баламалары Есік, Шілікті 2, және Талды-2 қорымдарынан табылған [Археологиялық коллекция 2009: 332; Бейсенов 2014б: 150].

3. Цилиндр пішініндегі түтікшенің ортасы қуыс, сырты майда моншақтармен дәнекерленіп, безендірілген (3-сур. 5). Өлшемі 0.7×0.4 см. Осындай декормен безендірілген бұйымға Талды-2 кешенінен тіркелген түймелік жатады [Бейсенов, Базарбаева 2014: 602, рис. 1, 3, 6]. Ерте темір дәуірінің зерттеушілері бұл мотивті «күрделі шиыршық» деп атайды [Чубаева 2013].

Кертпелі жапсырмалар (3-сур. 6). Қалыптау арқылы сыртқы беті бедерленіп дайындалған. Жапсырма Шірік 4 обасынан табылды. Ұзындықтары 1.1×1.2 см, ендері 0.4×0.5 см. «Т» тәрізді жапсырмалар (3-сур. 7) лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) анықталды, өлшемі 0.78×0.68 см. Қалыптау әдісімен дайындалған және үш бұрышына матаға бекітуге арналған саңылаулар түсірілген.

Ширатылған сым (3-сур. 8). Сымды жұқа тапталған алтын қаңылтырды ширату арқылы жасаған. Олар, шамасы, бау мен былғары жіптерді безендіру мақсатында пайдаланған болуы мүмкін (?). Аталған ширатпа лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) және кесенеден (6-нысан) табылды. Дәл осындай сымдар Бугры кешені, 4-обадан тіркелген [Тишкин и др. 2014: рис. 5].

Сонымен бірге, ромб пішініндегі және тілікше түріндегі *фольгалар* да кездеседі (3-сур. 9, 10). Ромбтың өлшемі 4.5×2.3 см, ал, тілікшелердің өлшемі 1.9×1.3 см, 2.6×0.4 см. Қоғамдағы әлеуметтік



3-сур. Шірікрат мәдениеті ескерткіштерінен табылған алтын зергерлік бұйымдар:
1–3, 7, 9, 10, 13–15, 17, 18, 20 – жапсырмалар; 4–6 – үзбелер; 8 – сым; 11, 12 – салпыншақтар;
16 – моншақтар; 19 – қапсырма.

Фото: Олег Белялов (1–3, 7, 10, 13, 14, 17, 18, 20); Жанболат Утубаев (4–6, 8, 9, 11, 12, 15, 16, 19)
Fig. 3. Gold jewelry from the sites of the Shirikrabat culture: 1–3, 7, 9, 10, 13–15, 17, 18, 20 – plaques;
4–6 – pierces; 8 – wire; 11, 12 – pendants; 16 – beads; 19 – a rivet.

Photo: Oleg Belyalov (1–3, 7, 10, 13, 14, 17, 18, 20); Zhanbolat Utubayev (4–6, 8, 9, 11, 12, 15, 16, 19)

Рис. 3. Золотые ювелирные изделия из памятников чирикратской культуры:
1–3, 7, 9, 10, 13–15, 17, 18, 20 – бляшки; 4–6 – пронизи; 8 – проволока; 11, 12 – подвески;
16 – бусины; 19 – заклёпка.

Фото: Олег Белялов (1–3, 7, 10, 13, 14, 17, 18, 20); Жанболат Утубаев (4–6, 8, 9, 11, 12, 15, 16, 19)



мәртебелік құрылымның күрделенуінен және киімдерді әшекейлеуде әртүрлі пішіндегі фольгаларды қолдану қажеттілігі туындады. Сондықтан былғарыдан жасалған киімдер мен заттардың сыртын қаптау үшін қолданылған.

Өсімдік бейне

Шірік рабат ескерткіштерінің әшекей бұйымдарында көп кездесетін келесі декор түріне өсімдік өрнегі жатады. Қарастырылып отырған өнердің негізгі сипатты белгісі – көркемдік ерекшеліктердің сан алуандығынан, яғни, әртүрлі гүлді өрнектердің мотивтері мен композицияларының жиынтығынан көрінеді. Аталмыш ескерткіштерден қызғалдақ бейнеленген салпыншақ пен үш жапырақты өсімдікке ұқсас, гүл тәрізді, шырша бейнесі өрнектелген жапсырмалар анықталды.

Қызғалдақ гүлі бейнесіндегі салпыншақтар (3-сур. 11, 12). Шірік 4 обасынан табылған бұл бұйым қалыптау әдісімен дайындалған, өлшемі 1.5×0.6 см. Оның жоғарғы бөлігіне алтын сым арқылы ілмек дәнекерленген [Курманкулов и др. 2020: 283]. Дәл осындай өрнекте бейнеленген алтын сырға 1958–1960 жж. Бәбіш мола 2 жерлеу ескерткішінен табылған болатын. Басты ерекшелігі қызғалдақтың төменгі бөлігіне моншақтары бар екі салпыншақ бекітілгендігі. Ал, жоғарғы бөлігіне дөңгелек ілмек дәнекерленген. Төрт жағында киімге ілуге арналған саңылаулар орналасқан дәл осындай салпыншақ б.д.д. III-II ғғ. мерзімделетін Теңлік обасынан табылды [Акишев К.А., Акишев А.К. 1983: 155]. Сондай-ақ, Тәжікстан Республикасы, Бешкент алқабында орналасқан Тулхар қорымы, XVI, 1 обадан басы ССШ бағытталып, шалқасынан жерленген әйел адамның жанынан төрт салпыншағы бар, құс бейнесі немесе төңкерілген қызғалдақ бейнесі бар алтын сырға анықталған [Мандельштам 1966: 68, табл. LIX].

Шырша тәрізді жапсырмалар (3-сур. 13). Жұқа тапталған алтын қаңылтырдан қалыптау арқылы жасалған бұл жапсырмалар лақатты жерлеу шұңқырларынан (1, 5-нысандар) анықталды. Олардың өлшемі 0.86×0.77 см. Жапсырманың шеті тіліктелген жапырақ тәрізді, ал, ортасына пішіні үшбұрышты және ромб болып келетін ойық салынған. Төменгі және жоғарғы бөліктерінде ілуге арналған үш саңылау бар.

Үш жапырақты өсімдікке ұқсас жапсырманың (3-сур. 14) өлшемі 3.76×2.41×0.24 см. Қалыптау арқылы алтыннан дайындалған жапсырма лақатты жерлеу шұңқырынан (1-нысан) тіркелді. Гүл қауызына ұқсас етіліп безендірілген өсімдіктің екі тостағаншасының ұштары төмен қарай иілген. Ал төменгі бөлігі жалпақ, бұрышталып жасалған. Жапсырманың шеті 2.2–2.4 мм-ге қайырылған және оған ілуге арналған сегіз саңылау салынған. Айта кететін жайт, бұл өрнек қазақ халқының арасында кеңінен таралған «қошқар мүйізге» де ұқсас келеді. «Қошқар мүйіз» қолданылу аясы жағынан зооморфты өрнекке жатқызылады [Маргулан 1987] және ежелгі тайпалар мен әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымымен тікелей байланысты. Скифтік және түркілік мифология бойынша мүйізді жануарлар (қошқар мен арқар) – ғаламның жоғарғы бөлігін бейнелейтін аспан кереметтерімен байланысты суреттелген. Бұйымдарға доға және спираль тәрізді мүйіздердің салынуы, адамдарға қызмет ету үшін аспаннан жерге түсірілген құдайлық белгіні білдірген [Оразбаева 1970]. Қошқар мүйізге ұқсастырылып дайындалған үш жапырақты өсімдік бейнесі бар жапсырма Есік қорымынан анықталған [Акишев К.А., Акишев А.К. 1983: 130].

Өсімдік жапырағы бейнеленген жапсырмалар (3-сур. 15) Егістік кесенесінен табылды, фрагмент түрінде сақталған бұйымда өсімдік жапырағы бейнеленген немесе «арқар мүйіз» өрнегі суреттелген. Жапсырманы шетіндегі саңылаулар арқылы киімге бекіткен болуы мүмкін. Оның өлшемі 2.5 см.

Дәнге ұқсас моншақтар (3-сур. 16). Пішіндері бидай мен күріш дәндеріне ұқсайтын моншақтар Егістік кесенесінен тіркелді, өлшемдері 0.6×0.3 см және 0.4×0.3 см.

Өлшемі 1.0×1.6 см болатын *жапырақ бейнесіндегі жапсырмалар (3-сур. 17)* кесенеден (6-нысан) табылды. Пішіні жүрекшеге ұқсас жапсырма қалыптау арқылы жасалған. Теңлік обасынан осыған ұқсас – лотос өсімдігінің күлтесі тәрізді алтын бұйым табылды [Акишев К.А., Акишев А.К. 1983: 153]. *Гүл бейнеленген жапсырмалар (3-сур. 18)* кесенеден (6-нысан) тіркелді, ұзындығы



2.5 см, ені 2.0 см. Қалыптау әдісімен дайындалған, төрт күлтесі әсем бедерленген, ортасына және төрт шетіне киімге ілуге арналған саңылаулар түсірілген.

Саңырауқұлаққа ұқсас қапсырмалар (3-сур. 19). Лақатты жерлеу шұңқырынан (9-нысан) табылды. Қалыптау арқылы жасалған. Осыған ұқсас қапсырмалар Шілікті 2 қорымы, 1-обадан кездеседі [Археологиялық коллекция 2009: 331].

Орнитоморфты бейне

Сақ кезеңінде өмір сүрген мәдени-тарихи қауымдастықтардың көркем өнеріндегі жарқын және танымал бейнелерінің біріне «күс» жатады. Негізінен, құстардың суреттері метал бұйымдарға, керамикалық ыдыстарға, әшекейлерге салынған. Сібір халықтарында ұшатын құстар маңызды саналса, ал, түркі тайпаларының мифологиясында суда жүзетін құстардың алатын орны ерекше болып келеді [Король, Наумова 2017: 25]. Шірік рабат ескерткішінен осындай күс бейнесіндегі жапсырмалар анықталды.

Қораз түріндегі жапсырма (3-сур. 20) жалпы өлшемдері 2.0×2.3 см. Айдары мен құйрық қауырсыны тоғасына жалғасып кеткен. Тоғасы жартылай шеңберленген, диаметрлері 2.2×2.0 см. Құйрық қауырсыны екі сызық, қанаты үш параллель сызықпен бедерленген. Көзі үш бұрыштылана суреттелген. Тұмсығы 3 мм шығыңқы, бас жағы жіңішке ортасы 2 мм жуан. Төсіне екі сызық доғалдандыра келтірілген. Сирағы 5 мм шығыңқы. Тырнақтары артқа 4 мм доғалана, тепкісі артқа 2 мм қайырылған. Тырнағы мен тепкісінің ара қашықтығы 3 мм. Тоғасында киімге тігілетін үш ойық және аяғында бір ойығы бар. Аталған жапсырма лақатты жерлеу шұңқырынан (5-нысан) табылып отыр [Журманкулов и др. 2007: 136].

Жапсырмада суреттелген қораз бейнесінің жақын баламасын Берелдің 8-обасынан табылған қола айнаның тұтқасында сомдалған күс бейнесінен көреміз [Самашев 2011: 136, рис. 330]. Осындай күс бейнесіндегі жапсырма Алматы қаласында орналасқан Ұлжан қорымы, 4-обадан 2006 ж. табылған болатын. Бейнеден қанаттары және басы мен құйрығы бедерленген ұшып бара жатқан құсты көреміз [Амиров 2008: 33, рис. 5]. Алтай өлкесіндегі Урсул өзенінің бойында орналасқан Балық-Соок I қорымынан анықталған қораз бейнесіндегі жапсырма б.д.д. V-IV ғғ. мерзімделеді [Баркова 2015: 147]. Қоладан дайындалған бұл жапсырмалар сериясы (20 дана) алтынмен қапталған және қораздардың басы артқа бұрылған түрде, қанаттары жоғары көтеріліп бейнеленген. Олар бірінші Пазырық обасынан табылған кейбір грифондардың қанаттарымен бірдей, стилистикалық түрде (ассириялық) жасалған [Баркова 1987: 28]. Ал айдарлары төрт тісті өрнекпен суреттелген, тұмсығы жуан, әрі қысқа, көзі шығыңқы келген [Кубарев, Шульга 2007: рис. 9].

Сондай-ақ, Солтүстік Қаратөз аймағындағы Нимфея қорымынан (б.д.д. 425–400 жж.) осындай жапсырмалар тіркелген. Басы солға қаратылып бейнеленген қоразға ұқсас бес алтын жапсырмалар – алқаның бір бөлігі болған. Айдары мен мойнындағы қауырсындары параллель тік, ал, қанаты көлденең ойықтармен, құйрығы үш өлшемді қисық сызықтармен көрсетілсе, көзі шығыңқы, сәл дөнес күйде суреттелген. Сыртқы бөлшектеріне гравировка жасалған [Силантьева 1959: 75, рис. 38, 14].

Б.д.д. V ғ. мерзімделетін Семибратный (Кубань өлкесі) обасынан табылған қораз бейнеленген жапсырма алтыннан қалыптау арқылы жасалған. Олардың басы артқа бұрылған, көздері бадам тәріздес, қанаттары алға қарай иіліп, көтерілген, құйрықтары желпуіш сияқты жайылған [Артамонов 1966: 36]. Көптеген ғалымдар Семибратный және Пазырық обаларындағы материалдық мәдениеттің ұқсастығына ұзақ уақыт бойы назар аударып келді [Марсадалов 1987: 30]. Алайда, Алтай мен Кубань арасындағы тікелей байланыстардың болғандығын көрсететін нақты деректер әлі анықталмады. Бұл жақындықты, біріншіден, Алтайдың Батыс Азия, Қытай, Үндістанмен сауда қарым-қатынастары арқылы, ал, екінші жағынан Кубань аймағының Грекия және Ахеменидтік Иран өлкесімен берік байланыстардың болғандығымен түсіндіреді [Руденко 1953: 360].

Талқылау (Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш.)

Көркем шығармашылықтың барлық түрлері сияқты зергерлік өнердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Алуан түрлі әлеуметтік функциялар мыңдаған жылдар бойы әшекей бұйымдарға маңызды



салттық-мәдени рөл беріп келді. Тіршілік циклінде қызмет ететін әшекей бұйымдардың дәстүрлі кешені әртүрлі рәсімдермен, күнделікті тұрмыспен тығыз байланыста болды. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдар қоғам мен адамның ішкі әлемі арасындағы қарым-қатынастың белгісі ретінде ерекше қарастырылды.

Жалпы, сақ-скиф обаларынан аң стилінің мыңдаған үлгілері табылды және олардың барлығы сюжеттік құрамы мен орындау мәнері арқылы әлемде көркем шығармашылықтың жоғары құндылықтарын көрсетеді. Зооморфты бұйымдарды жасау барысында, шебер, өз көзқарасы арқылы жануарларды түрлендіреді: бұғы, бұлан, тау ешкінің – мүйізі, құлағы, тұяқтарын; қабылан, арыстан, қасқырдың – азуы, тұмсықтары мен танаулары (қос тұяқтыларға қатысты), құлағы, табандарын; бүркіттің – тұмсығы, көзі, тырнағын әсем бейнелейді. Дененің пішінін шығару кезінде, негізінен, иық пен жамбасқа баса назар аударылған. Жануардың өзіне тән сипаты мен позасын көрсететін осындай үйлесімділік сақ-скифтік аң стилінің ең маңызды белгілерінің бірі болып табылады [Шкурко 2000: 306]. Б.д.д. V ғ. басында сақ-скиф өнерінде елеулі өзгерістер орын алды: зооморфты репертуарлар байытылып, жергілікті фаунаға тән жануарлардың (қасқыр, аю, бұлан) бейнелері кеңінен тарала бастады; фантастикалық құстардың орнына грек-парсы ою-өрнегі мен арыстан грифоны, аңдардың күресіп жатқан көріністері пайда болды [Шкурко 2000: 308-309]. Аталмыш кезеңде аң стиліне тән әртүрлі сәндік-қолданбалы тенденциялар ерекше даму үрдісіне ие бола бастайды. Яғни, бейнелерді салу кезінде зооморфты композицияларға геометриялық және өсімдік өрнектері (пальметта, розетка) қосылып, жаңа үлгідегі бұйымдар шыға бастайды [Шкурко 2000].

Ал геометриялық мотивтердің композициясы, негізінен, Таяу Шығыс, Орталық Азия мен Қытайдың өнерінен алынған және олар дәстүрлі дүниетанымға, сенімге, мифологияға, талғамға сәйкестендіріліп жасалған [Король, Наумова 2017: 14]. Соның ішінде, геометриялық өрнектердің арасында шеңбер, төртбұрыш сынды өрнектер көп кездеседі. Шеңбер антикалық мәдениетте – болмыстың ең маңызды және іргелі қасиеттері саналатын абсолютті теңдік, біркелкілік, түзулік, мәңгілік, шексіздік туралы ойлардың көрсеткіші саналды. Сұлулыққа, жақсылыққа, сүйіспеншілікке қатысты ғибратты ұғымдар – шеңбер арқылы бейнеленді, ал, оның пішіні көктегі кемелдік (Құдай, күн, аспан, ғарыш) түсінігімен байланысты болды [Кинёва 2017: 12]. Ежелгі егіншілер төрт бағыт (шаршы) ұғымын маңызды деп санаған және осы төрт бағыттың ортасында өмір сүрген кезде ғана адамдар өзін төрт құбыласы тең әрі өздерін қауіпсіз сезінген деп тұжырымдайды. Ал спираль белгісі әлемде реттілік және тәртіпті сақтайды деген түсінік болған [Болелов 2010: 122].

Өсімдік өрнегі – бірдей, кейде, қайталанатын өсімдік мотивтерін (жапырақтар, жүзім шоғыры, гүл және т. б.) қолдана отырып жасалған декордың ерекше түріне жатады және ежелгі тұрғындар арасында геометриялық өрнектен кейін көп таралған өрнек болып саналады. Декордың бұл түрінің пайда болуы, ең алдымен, адамзаттың мал шаруашылығынан егіншілікке ауысуымен байланысты болып келеді. Ол мыңдаған жылдар бойы тұрмыстық заттарды, әшекей бұйымдарды, сәулет құрылыстарын, қару-жарақтарды, шаруашылық құралдарын және т. б. безендіру мақсатында қолданылды [Король, Наумова 2017: 9-10].

Келесі өрнек түріне жататын орнитоморфты бейне ежелгі тұрғындардың өмірі мен салт-дәстүрінде маңызды орын алған. Соның ішінде, бұйымдарға салынған қораз бейнелері салауат пен молшылықтың, жақсылықтың нышаны ретінде саналған. Қораз туралы осындай түсініктер әртүрлі тарихи дәуірлерде болған. Оған тек археологиялық деректер ғана емес, этнографиялық мәліметтер де дәлел. Мысалы Ежелгі Рим идеологиясында қораз сәуегейлік мақсатында және ауа-райын болжау үшін қолданылса, Ежелгі Грекияда оны хтоникалық құс деп есептеген [Каландарова 2021].

Қазақы танымда, адамзаттың жануарлармен байланысынан туындаған – қошқар мүйіз, құсқанат оюлары мен өсімдік әлеміне негізделген – гүл, жапырақ, сабак, шырмауық сияқты өрнектерді пайдалану кеңінен таралған. Шірік рабат ескерткіштерінен анықталған, осы өрнек түрлерімен безендірілген әшекей бұйымдар, негізінен, қалыптау әдісі арқылы жасалған, олар б.д.д. IV–II ғғ. мерзімделеді. Соның ішінде, жарты шарға ұқсас алтын жапсырмалар мен түтікшелер көп кездеседі. Ал ең жарқын түрлерінің біріне мысық тұқымдас жыртқыш бейнеленген жапсырма жатады, ол Есік обасынан табылған материалдармен өте жақын болып келеді. Сондай-ақ, өсімдік



өрнегімен безендірілген қызғалдаққа ұқсас жапсырманың маңызды этнографиялық мәні бар. Яғни, шебердің өзі жасаған бұйымына қызғалдақты нақыштап салуы – ұрпағы өсіп-өнсін деген ырыммен байланысты жүзеге асырылған. Себебі, қызғалдақ дала гүлі болғандықтан адамзат көмегінсіз, баптаусыз өздігінен өсіп, көбейеді. Әрі әсемдік пен шаттықтың белгісі саналған қызғалдақ арқылы далалық өмірден алған әсерлері мен сезімдерін суреттеген [Қартаева 2021]. Мақалада тоқталып өткен циркульдік өрнек түсірілген дөңгелек жапсырмалар да ерекше қызығушылық тудырады. Осындай декор Тахти-сангин қалашығындағы Оқс ғибадатханасынан табылған қобдишаның бүйір бөлігіне салынған және эллиндік дәуірмен кезеңделеді [Литвинский 2004: 24-25].

Археологиялық деректерге сүйене отырып, шірікратат мәдениетінің сауда және мәдени байланыстары кең көлемде дамыған деп айтуға болады. Олардың негізгі бағыттары – Орталық Азия, Жетісу, Орталық, Шығыс Қазақстан аймағы, Хорезм, Бактрия Оңтүстік Орал және т. б.

Нәтиже (Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш.)

Шірікратат мәдениетінен тіркелген сары металдан жасалған бұйымдардың ішінде 13 үлгіге Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология институтының зертханасында химиялық талдау жұмыстары жүргізілді. Шірік рабат кешенінің нысандарынан анықталған зергерлік бұйымдар күміс пен мыстың аздаған қоспалары бар жоғары сапалы алтыннан дайындалған. Негізінен, әшекей бұйымдардың құрамында мыстың төмен мөлшерде (<0,5%) кездесуі, алтынды табиғи түрде (шашыраңқы) пайдаланғандығын көрсетеді [Попов и др. 2015]. Талданған сынамалардың ішінде алтынның жалпы диапазоны 76.33–98.47% аралығында түрленеді. Күмістің максималды диапазоны 22.21%-ға жетсе, орташа мәні 13.6%-ды, ал, мыс 0.26–2.10% қоспаны құрайды (1-кесте).

1-кесте – Шірік рабат ескерткіштерінен анықталған алтын бұйымдардың химиялық құрамы

Table 1 – The chemical composition of gold products identified on the monuments of Shirik rabat

Таблица 1 – Химический состав золотых изделий, выявленных на ширикрататских памятниках

№	Атауы	Құрамы, мас.%		
		Au	Ag	Cu
1	Шаршы тәріздес жапсырма (3-сур. 1)	98,47	1,21	0,31
2	Ширатылған сым (3-сур. 8)	80,05	19,02	0,93
3	Жарты шар түріндегі жапсырма (кіші) (2-сур. 5)	91,82	7,39	0,80
4	Жарты шар түріндегі жапсырма (үлкен) (2-сур. 5)	91,73	8,02	0,26
5	Фольга (3-сур. 10)	76,75	21,49	1,76
6	Шырша тәрізді жапсырма (3-сур. 13)	83,09	15,93	0,98
7	«Т» әріпіне ұқсас жапсырма (3-сур. 7)	98,26	1,74	–
8	Бүйірі шығыңқы дөңгелек салпыншақ (2-сур. 10)	80,23	17,74	2,03
9	Түтікше (кіші) (3-сур. 4)	84,41	14,91	0,68
10	Дөңгелек сырға (2-сур. 17)	80,00	19,52	0,49
11	Зооморфты белгілері бар сырға (2-сур. 3)	86,24	11,95	1,81
12	Түтікше (үлкен) (3-сур. 4)	81,21	16,84	1,95
13	Үш жапырақты өсімдікке ұқсас жапсырма (3-сур. 14)	85,81	13,23	0,96

Қорытынды (Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш.)

Сәндік-қолданбалы өнер ең ежелгі, әрі қолданылу аясы кең өнерлердің біріне жатады. Аталмыш өнерде ою-өрнектің мағынасын көрсететін терең рухани ұстаным, уақыт ырғағы, әр дәуірдің салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бейнеленген. Зергерлік бұйымдарды олардың нышаны мен мәдени-тарихи маңыздылығы тұрғысынан қарастыру төмендегідей негізгі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:



1. Дәстүрлі мәдениет контекстінде зергерлік бұйымдардың пайда болу және даму үрдістерін зерттеу – мәдениеттің бейнелері мен нышандарын анықтауға, халықтардың ұлттық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік беріп, этникалық топтар мен өркениеттердің әртүрлі болғандығына қарамастан, олардың рухани (сакралдық, эстетикалық), практикалық (күнделікті, қорғау, рәсімдік) және әлеуметтік (сәйкестендіру, стратификациялық) қызметтерінің ортақ тұстарын анықтауға көмектеседі.

2. Алғашқы зергерлік бұйымдардың пайда болуы, қорқыту, үркіту қызметін атқарған бойтұмарлармен байланысты. Олар әртүрлі символдық-сиқырлы мағынаны білдіріп, адамның Ғалам, Жер, Құдай, табиғат, өмір, өлім туралы түсініктеріне негізделген рухани әлемді сипаттайды.

Шірік рабат ескерткіштерінен анықталған сәндік-қолданбалы өнер туындылары да – ғалам мен адамның қарым-қатынасы (күн, ай таңбалары), қоршаған әлем, табиғат туралы (анималистік, жансыз табиғат нышандары) және діни, этикалық және эстетикалық құндылықтарды жүйелеуге мүмкіндік беретін белгілерден тұрады. Аталмыш әшекей бұйымдарды семиотикалық тұрғыдан талдау арқылы шірікрабат тұрғындарының рухани дәстүр ерекшеліктері сипатталып алғашқы қадам жасалды.

Б.д.д. I мыңж. ортасы және екінші жартысымен мерзімделетін шірікрабат археологиялық мәдениеті ерте темір дәуіріндегі сақ тайпалары негізінде қалыптасып, әрі қарай отырықшы-егіншілік мәдениет ретінде дамығанын көрсетті. Егіншілік оазистерін мекендеген тұрғындар Оңтүстік Түгіскен, Ұйғарақ және Сеңгір-там 2 секілді ерте сақ ескерткіштерін қалдырған байырғы бақташы тайпалардың ұрпақтары болды деп есептеуге толық негіз бар. Сондай-ақ, Арал өңірі ежелгі керуен жолдарының орталығы болып, Орталық, Шығыс Қазақстан және Жетісу сақ тайпаларымен дәстүрлі мәдени тығыз байланыс жасағанын көреміз. Оған Шірік рабат ескерткіштерінің әшекейлері, соның ішінде, «аң стилінде» жасалған жапсырманың Талды-2, Берел қорымдары және Есік обасынан табылған бұйымдармен ұқсас болуы дәлел. Жалпы, Шірік рабат ескерткіштерінен анықталған зергерлік бұйымдардың арасында геометриялық (1140 дана) және өсімдік (53 дана) бейнелері басым екендігін аңғарамыз.

Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген шірікрабат археологиялық мәдениетінде мамандандырылған қолөнер өндірісі бар үлкен қоныстар, ірі бекіністі құрылыстар, кесенелер (пантеон), жерлеу орындары, көптеген ұсақ ауылдық қоныстардың және жекелеген үй-жайлардың болуы, аталмыш өңірде ерте мемлекеттік құрылым болғандығын тағы бір нақтылай түседі.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Акишев К.А., Акишев А.К. Древнее золото Казахстана. Алма-Ата: Өнер, 1983. 264 с. (на каз., рус., англ. яз.)
- 2 Акишев К.А. Курганы Иссык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство, 1978. 129 с.
- 3 Акишев К.А. Курганы Иссык. Искусство саков Казахстана // Евразийский народ саки «Анналы истории, археологии и космогонических представлений народов Евразии» / Сост. В.Ю. Франк. Алматы: Болашақ балапандары, 2006. С. 179-225.
- 4 Аққалиева А.Ш., Несіпбай А.Т. Шірікрабат мәдениетіне тән аң стиліндегі бейнелер // Марғұлан оқулары – 2021: ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 30 жылдығына арналған «Этномәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықар. ғыл.-тәж. конф. м-ры (Алматы қ., 26-27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. 3-том. / Бас ред. А. Оңғар; жауапты ред.: Б.Ә. Байтанаев, Т.Б. Мамиров. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы АИ, 2021. 11–17-бб.
- 5 Аққалиева А.Ш. Шірікрабат мәдениеті ескерткіштеріндегі сырғалар // Ақынжанов оқулары–2022: студенттер мен жас ғалымдардың халықар. ғыл. конф. м-ры (Алматы қ., 20–22 сәуір 2022 ж.) / Жауапты ред. Р.С. Мусаева. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы АИ, 2022. 8–11-бб.
- 6 Амиров Е.Ш. Археологические исследования на могильнике Улжан (предварительные итоги) // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 2008. № 1. С. 29–34.
- 7 Артамонов М.И. Антропоморфные божества в религии скифов // АСГЭ. 1961. Вып. 2. С. 80–89.
- 8 Артамонов М.И. Сокровища скифских курганов в собрании Государственного Эрмитажа. Прага; Л.: Артия, Советский художник, 1966. 120 с.
- 9 Баркова Л.Л. Образ орлиноголового грифона в искусстве Древнего Алтая (по материалам Больших Алтайских курганов) // АСГЭ. 1987. Вып. 28. С. 5–29.



- 10 Баркова Л.Л. Изображение петуха в искусстве древнего Алтая // АСГЭ. 2015. Вып. 40. С. 143–156.
- 11 Бейсенов А.З. Сарыарканың көне жәдігерлері. Кітап-альбом. Алматы. Ә.Х. Марғұлан ат. АИ; «Бегазы-Тасмола» ТАҒЗО, 2014а. 196 б. (қазақша, орысша, ағылшынша).
- 12 Бейсенов А.З. Серьги сакской эпохи // Вестник Томского гос. ун-та. История. 2014б. № 6 (32). С. 121–128.
- 13 Бейсенов А.З., Базарбаева Г.А. Орнамент в культуре саков Центрального Казахстана // Известия Самарского научного центра РАН. 2014. Вып. 16, № 3. С. 597–604.
- 14 Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Искусство саков Сарыарки. Алматы: ИА КН МОН РК; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. 168 с.
- 15 Болелов С.Б. Расписная хозяйственная посуда древнего Хорезма (по материалам Калалы-гыр 2) // Проблемы истории, филологии, культуры. 2010. № 1. С. 122–142.
- 16 Буткевич Л.М. История орнамента: учеб. пособие. М.: ВЛАДОС, 2012. 367 с.
- 17 Вайнберг Б.И. Левина Л.М. Чирикратская культура. Низовья Сырдарьи в древности. М.: ИЭИА, 1993. 130 с.: ил.
- 18 Власов В.Г. Стили в искусстве: Архитектура, графика, декоративно-прикладное искусство, живопись, скульптура. СПб.: Кольна, 1995. 655 с.
- 19 Мордвинцева В.И. Полихромный звериный стиль. Симферополь: Универсум. 2003. 216 с.
- 20 Кадырбаев М.К. Могильник Жиланды на реке Нура // Вглубь веков / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1974. С. 25–45.
- 21 Каландарова О.И. Золотые серьги с могильника Ксиров // ИСТОРИК (научно-теоретический журнал). 2021. № 3 (27). С. 112–121.
- 22 Кинёва Л.А. История орнамента и стиля. Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 2017. 108 с.
- 23 Король Г.Г., Наумова О.Б. Художественный металл у кочевников (Центральная Азия рубежа I–II тыс.). М.: ИА РАН, 2017. 128 с.
- 24 Круглова А.В. Художественные языки и коды скифского звериного стиля: ювелирное и декоративно-прикладное искусство // Декоративное искусство и предметно-пространственная среда. Вестник МГХПА. 2020. № 2–1. С. 333–343.
- 25 Кубарев В.Д., Шульга П.И. Пазырыкская культура (курганы Чуи и Урсула): Барнаул: АлтГУ, 2007. 282 с.
- 26 Құрманқұлов Ж., Жетібаев Ж., Утубаев Ж., Искаков А. Археологические исследования памятников городища Чирик Рабат // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2006 году. Алматы: ИА КН МОН РК, 2007. С. 135–136.
- 27 Құрманқұлов Ж., Утубаев Ж.Р. Чирикратская культура Восточного Приаралья // Казахстан в сакскую эпоху. Коллективная монография / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Алматы: ИА КН МОН РК, 2017. С. 191–211.
- 28 Құрманқұлов Ж., Утубаев Ж.Р., Суюндықова М.С. Шірік 4 кешеніне жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері (2017 жылғы қазба негізінде) // Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықар. ғыл.-тәжірибелік конф. м-ры (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.) / Бас ред. Б.А. Байтанаев. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. АИ, 2020. 2 том. 274–286–66.
- 29 Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми каталог / ред. Н. Әлімбаев Алматы: Ди-Пи-Эс, 2009. 420 с.
- 30 Қартаева Т. Ұлы Даланың жеті қыры: Өркендеу символы – қызғалдақ! // Abai.kz ақпараттық порталы. 2021. URL: <https://abai.kz/post/132891> (қаралған күні 14.03.2024)
- 31 Құрманқұлов Ж. Шірік Рабат экспедициясының 2004–2010 жж. зерттеулері // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991–2011): ғыл. мақалалар жинағы / Жауапты ред. А.З. Бейсенов. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. АИ, 2011. 188–195–66.
- 32 Литвинский Б.А. Бактрийские шкатулки // Древности Востока / Отв. ред. И.Л. Кызласов М.: РУСАКИ, 2004. С. 23–37.
- 33 Литвинский Б.А. Украшения из могильников Западной Ферганы. М.: Наука, 1973. 211 с.
- 34 Мандельштам А.М. Кочевники на пути в Индию. М.; Л.: Наука, 1966. 232 с.
- 35 Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т. 2. Алма-Ата: Өнер, 1987. 282 с.
- 36 Марсадалов Л.С. Хронологическое соотношение Пазырыкских и Семибратних курганов // АСГЭ. 1987. Вып. 28. С. 30–37.
- 37 Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сагындықова С.Т. Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының алдын-ала қорытындысы // ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Халық – тарих толқынында» мемл. бағдарламасы аясындағы «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықар. ғыл.-тәжірибелік конф. м-ры (Алматы қ., 30 қараша 2016 ж.) / Жауапты ред. Ғ.Т. Бексеитов. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 189–198–66.



- 38 Оразбаева Н.А. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. Л.: Аврора, 1970. 207 с.
- 39 Переводчикова Е.В. Еще раз об инокультурных влияниях в скифском зверином стиле Алтая и соседних областей // Вторые исторические чтения памяти М.П. Грязнова (г. Омск, 17–19 марта 1992 г.). Ч. 2. / Отв. ред. В.И. Матюшенко. Омск: ОИИФ СО РАН, ОмГУ, 1992. С. 90–92.
- 40 Переводчикова Е.В. Язык звериных образов: очерки искусства евразийских степей скифской эпохи. М.: Восточная литература, 1994. 206 с.
- 41 Попов В.К., Клюев Н.А., Ноздрачев Е.А., Слепцов И.Ю. Химический состав изделий из золота, серебра и меди в кургане Кокшаровка-8 (Приморье, X в.) и их возможные источники // Известия Иркутского гос. ун-та. Сер. Геоархеология. Этнология. Антропология. 2015. Т. 12. С. 37–46.
- 42 Раевский Д.С. Модель мира скифской культуры. Проблемы мировоззрения ираноязычных народов евразийских степей I тысячелетия до н.э. М.: ГРВЛ, 1985. 256 с.
- 43 Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М.; Л.: АН СССР, 1953. 402 с.
- 44 Самашев З. Берел. Алматы: Таймас, 2011. 236 б.
- 45 Самашев З., Толубаев А., Джумабекова Г. Сокровища степных вождей. Алматы: ОФ «Берел», 2004. 176 с.
- 46 Силантьева Л.Ф. Некрополь Нимфея // МИА. Некрополи Боспорских городов. 1959. № 69. С. 5–107.
- 47 Тишкин А.А., Зайков В.В., Хворов П.В., Зайкова Е.В. Результаты анализа части золотых находок из кургана № 4 памятника Бугры (северо-западные предгорья Алтая) // Теория и практика археологических исследований. 2014. № 1 (9). С. 115–126.
- 48 Топоров В.Н. К происхождению некоторых поэтических символов. Палеолитическая эпоха // Ранние формы искусства. М.: Искусство, 1972. С. 77–103.
- 49 Утубаев Ж.Р., Аққалиева А.Ш. Шірік рабат қалашығындағы № 6 обадан табылған сүйек тарақ // «XV Оразбаев окулары» халықар. ғыл.-әдіст. конф. м-ры / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2023. 62–65-66.
- 50 Утубаев Ж.Р., Суяндікова М.С. XIX–XX ғғ. Сырдарияның төменгі ағысындағы зерттеулер // Қазақстан археологиясы. 2023. № 3 (21). 48–67-66.
- 51 Чубаева М.П. Орнаментальный мотив «сложного завитка» в произведениях скифо-сибирского звериного стиля // Вестник Южно-Уральского гос. ун-та. Сер. Соц.-гум. науки. 2013. Т. 13, № 2. С. 190–193.
- 52 Шкурко А.И. Скифское искусство звериного стиля (по материалам Лесостепной Скифии) // Скифы и Сарматы в VII–III вв. до н.э. / Отв. ред. В.И. Гуляев, В.С. Ольховский. М: ИА РАН, 2000. С. 304–313.
- 53 Treister M.Y., Yatsenko S.A. About the Centres of manufacture of Certain Series of Horse Harness Roundels in ‘Gold-Turquoise Animal Style’ of the 1st – 2nd Centuries AD // Silk Road Art and Archaeology. 1998. Vol. 5. Pp. 51–106.

REFERENCES

- 1 Akishev, K. A., Akishev, A. K. 1983. *Drevneye zoloto Kazakhstana (Ancient gold of Kazakhstan)*. Alma-Ata: “Oner” (in Kazakh, Russian, English).
- 2 Akishev, K. A. 1978. *Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazakhstana (Kurgan Issyk. Art of the Sakas of Kazakhstan)*. Moscow: “Iskusstvo” (in Russian).
- 3 Akishev, K.A. 2006. In: Frank, V. (ed.). *Yevraziyskiy narod saki “Annaly istorii, arkheologii i kosmogonicheskikh predstavleniy narodov Yevrazii” (Eurasian people of the Sakas “Annals of history, archaeology and cosmogonic ideas of the peoples of Eurasia.”)*. Almaty: “Bolashak Balapandary” Publ., 179-225 (in Russian).
- 4 Akkalyieva, A. S., Nesipbay, A. T. 2021. In: Baitanayev, B. A. (ed.). *Margulan okulary–2021 (Margulan readings–2021)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, Volume 3. 11-17 (in Kazakh).
- 5 Akkalyieva, A. S. 2022. In: Musayeva, R. (ed.). *Akhinzhanovskie chteniya–2022 (Akhinzhanov readings–2022)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 8-11 (in Kazakh).
- 6 Amirov, E. S. 2008. In: *Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennykh nauk (News of the NAS RK. Series of social sciences)*. №1. 29-34 (in Russian).
- 7 Artamonov, M. I. 1961. In: *Arkheologicheskiy sbornik Gosudarstvennogo Ermitazha (Archaeological collection of the State Hermitage)*. Vol. 2. Leningrad, 80-89 (in Russian).
- 8 Artamonov, M. I. 1966. *Sokrovishcha skifskikh kurganov v sobranii Gosudarstvennogo Ermitazha (Treasures of Scythian mounds in the collection of the State Hermitage)*. Prague-Leningrad: “Artia”, “Soviet Artist” (in Russian).
- 9 Barkova, L. L. 1987. In: *Arkheologicheskiy sbornik Gosudarstvennogo Ermitazha (Archaeological collection of the State Hermitage)*, 28, 5–29 (in Russian).



- 10 Barkova, L. L. 2015. In: *Arkheologicheskiy sbornik (Archaeological collection)*, 40, 143-156 (in Russian).
- 11 Beisenov, A. Z. 2014a. *Saryarkanyñ kone zhadigerleri (Ancient Saryarka treasures)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology; “Begazy-Tasmola”(in Kazakh, Russian, English).
- 12 Beisenov, A. Z. 2014b. In: *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta (Bulletin of Tomsk State University. History)*, 6 (32), 121-128 (in Russian).
- 13 Beisenov, A. Z., Bazarbaeva, G. A. 2014. In: *Izvestiya Samarskogo nauchnogo centra RAN (News of the Samara Scientific Center of the RAS)*, 16 (3), 597-604 (in Russian).
- 14 Beisenov, A. Z., Jumabekova, G. S., Bazarbayeva, G. A. 2015. *Isskustvo sakov Saryarki (Art of the Sakas of Saryarka)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology; “Begazy-Tasmola” (in Russian).
- 15 Bolelov, S. B. 2010. In: *PIFK (Problems of History, Philology and Culture, Journal of Historical, Philological and Cultural Studies)*, 1, 122-142 (in Russian).
- 16 Butkevich, L. M. 2012. *Istoriya ornamenta: uchebnoye posobiye (History of ornament: textbook)*. Moscow: “VLADOS” Publ. (in Russian).
- 17 Weinberg, B. I., Levina, L. M. 1993. *Chirikrabskaya kultura. Nizovyya Syrdari v drevnosti (Chirikrabat culture. The lower reaches of the Syr Darya in antiquity)*. Moscow: Institute of Ethnology and Anthropology of the RAS (in Russian).
- 18 Vlasov, V. G. 1995. *Stili v iskusstve: Arkhitektura, grafika, dekorativno-prikladnoye iskusstvo, zhivopis, skulptura (Styles in art: Architecture, graphics, decorative and applied arts, painting, sculpture)*. St. Petersburg: “Kolna” Publ. (in Russian).
- 19 Mordvintseva, V. I. 2003. *Polikhromnyy zverinyy stil. (Polychrome animal style)*. Simferopol: “Universum” Publ. (in Russian).
- 20 Kadyrbayev, M. K. 1974. In: Akishev, K. (ed.). *Vglub vekov: arkheologicheskiy sbornik (Deep into the centuries: archaeological collection)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 25-45 (in Russian).
- 21 Kalandarova, O. I. 2021. In: *Istoriik (Historian (scientific and theoretical journal))*, 3 (27), 112-121 (in Russian).
- 22 Kineva, L. A. 2017. *Istoriya ornamenta i stilya (History of ornament and style)*. Ekaterinburg: Ural University (in Russian).
- 23 Korol, G. G., Naumova, O. B. 2017. In: Devlet, E. (ed.). *Khudozhestvennyy metall u kochevnikov (Tsentralnaya Aziya rubezha I–II tys.) (Artistic metal among nomads (Central Asia at the turn of the 1st–2nd millennium))*. Moscow: Institute of Archaeology RAS (in Russian).
- 24 Kruglova, A. V. 2020. In: *Dekorativnoye iskusstvo i predmetno-prostranstvennaya sreda. Vestnik MGKHPA. (Decorative art and object-spatial environment. Bulletin of MSAAI)*, 2-1, 333-343 (in Russian).
- 25 Kubarev, V. D., Shulga, P. I. 2007. *Pazyrykskaya kultura (kurgany Chui i Ursula) (Pazyryk culture (Chui and Ursula mounds))*. Barnaul: Altai State University (in Russian).
- 26 Kurmankulov, Z., Zhetibaev, Z., Utubayev, Z., Iskakov, A. 2007. In: *Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po Gosudarstvennoy programme “Kulturnoye naslediyey” v 2006 godu (Report on archaeological research under the State program “Cultural Heritage” in 2006)*. Almaty: “Il-Tex-Kitap” Publ., 135-136 (in Russian).
- 27 Kurmankulov, Z., Utubayev, Z. R. 2017. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Kazakhstan v saksuyu epokhu (Kazakhstan in the Saka era)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 191-211 (in Russian).
- 28 Kurmankulov, Z., Utubayev, Z. R., Suyundikova, M. S. 2020. In: Baitanayev, B. (ed.). *Margulanovskiye chteniya–2020 (Margulan readings–2020)*. Vol. 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 274-286 (in Russian).
- 29 Alimbai, N. (ed.). 2009. *Kazakhstanyn ezhelgi koshpeliler madenietiy. Arheologiyalyk kolleksiya (The culture of early nomad of Kazakhstan: Archaeological collections. Scientific catalogue)*. Almaty: “D-P-S” Publ. (in Kazakh, Russian, English).
- 30 Kartayeva, T. 2021. In: *Abai.kz akparattyk portaly (Abai.kz information portal)*. 2021. URL: <https://abai.kz/post/132891> (accessed on 14.03.2024) (in Kazakh).
- 31 Kurmankulov, Z. 2011. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Mynzhyldyktar kualary: Kazakhstan arheologiyasy (1991–2011) (Witnesses of the Millennium: archaeological science of Kazakhstan for 20 years (1991–2011))*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 188-195 (in Kazakh).
- 32 Litvinsky, B. A. 2004. In: Kyzlasov, I. L. (ed.). *Drevnosti Vostoka (Antiquities of the East)*. Moscow: “RUSAKI” Publ., 23-37 (in Russian).
- 33 Litvinsky, B. A. 1973. *Ukrasheniya iz mogilnikov Zapadnoy Fergany (Jewelry from the burial grounds of Western Fergana)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 34 Mandelstam, A. M. 1966. *Kochevniki na puti v Indiyu (Nomads on the way to India)*. Moscow; Leningrad: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 35 Margulan, A. K. 1987. *Kazakhskoye narodnoye prikladnoye iskusstvo (Kazakh folk applied art)*. Alma-Ata: “Oner” Publ. (in Russian).



- 36 Marsadolov, L. S. 1987. In: *Arkheologicheskii sbornik Gosudarstvennogo Ermitazha (Archaeological collection of the State Hermitage)*, 28, 30-37 (in Russian).
- 37 Omarov, G. K., Besetayev, B. B., Sagyndykova, S. T. 2016. In: Bekseitov, G. T. (ed.). *Archaeologiyadagy zertteudin zhana adisteri (Proceeding of International scientific-practical conference "New methods of research in Archaeology")*. Almaty: "Kazakh University" Publ., 189-198 (in Kazakh).
- 38 Orazbayeva, N. A. 1970. *Narodnoye dekorativno-prikladnoye iskusstvo kazakhov (Folk arts and crafts of the Kazakhs)*. Leningrad: "Aurora" Publ. (in Russian).
- 39 Perevodchikova, E. V. 1992. In: Matyushchenko, V. (ed.). *Vtoryye istoricheskiye chteniya pamyati M.P. Gryaznova (2nd historical readings in memory of M. P. Gryaznov)*. Part 2. Omsk: Omsk State University, 90-92 (in Russian).
- 40 Perevodchikova, E. V. 1994. *Yazyk zverinykh obrazov (The language of animal images)*. Moscow: "Vostochnaya literature" Publ. (in Russian).
- 41 Popov, V. K., Klyuev, N. A., Nozdrachev, E. A., Sleptsov, I. Y. 2015. In: *Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya "Geoarkheologiya. Etnologiya. Antropologiya" (News of Irkutsk State University. Series "Geoarchaeology. Ethnology. Anthropology")*, 12, 37-46 (in Russian).
- 42 Raevsky, D. S. 1985. *Model mira skifskoy kultury (Model of the world of Scythian culture)*. Moscow: "GRVL" Publ. (in Russian).
- 43 Rudenko, S. I. 1953. *Kultura naseleniya Gornogo Altaya v skifskoye vremya (Culture of the population of Gorny Altai in Scythian times)*. Moscow; Leningrad: USSR Academy of Sciences (in Russian).
- 44 Samashev, Z. 2011. *Berel*. Almaty: "Taimas" Publ. (in Kazakh, Russian, English).
- 44 Samashev, Z., Toleubayev, A., Jumabekova, G. 2004. *Sokrovishcha stepnykh vozhdov (Treasures of steppe leaders)*. Almaty: "Berel" Publ. (in Russian).
- 46 Silantyeva, L. F. 1959. In: *MIA. Nekropoli Bosporskikh gorodov (AMR. Necropolises of the Bosporan cities)*, 69, 5-107 (in Russian).
- 47 Tishkin, A. A., Zaikov, V. V., Khvorov, P. V., Zaikova, E. V. 2014. In: *Teoriya i praktika arkheologicheskikh issledovaniy (Theory and practice of archaeological research)*, 1 (9), 115-126 (in Russian).
- 48 Toporov, V. N. 1972. In: *Ranniye formy iskusstva (Early forms of art)*. Moscow: "Iskusstvo" Publ., 77-103 (in Russian).
- 49 Utubayev, Z. R., Akkaliyeva, A. S. 2023. In: Zhumatayev, R. (ed.). *XV Orazbayev okulary (15th Orazbayev readings)*. Almaty: "Kazakh University" Publ., 62-65 (in Kazakh).
- 50 Utubayev, Z. R., Suyundikova, M. S. 2023. In: *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)*, 3 (21), 48-67 (in Kazakh).
- 51 Chubayeva, M. P. 2013. In: *Vestnik Yuzhno-Uralskogo gosuniversiteta. Ser. Sotsialno-gumanitarnyye nauki (Bulletin of the South Ural State University. Ser. Social sciences and humanities)*, vol. 13, nr. 2, 190-193 (in Russian).
- 52 Shkurko, A. I. 2000. In: Gulyaev, V., Olkhovsky, V. (eds.). *Skify i Sarmaty v VII–III vv. do n.e. (Scythians and Sarmatians in the 7th–3rd centuries BC)*. Moscow: Institute of archaeology RAS, 304-313 (in Russian).
- 53 Treister, M. Y., Yatsenko, S. A. 1998. In: *Silk Road Art and Archaeology*, 5, 51-106 (in English).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 16.02.2024.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 17.03.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 17.03.2024.

